

## **Түркістан облысы аумағында жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану құқығына шектеу (тоқтата тұру) белгілеу туралы**

Түркістан облысы әкімдігінің 2024 жылғы 28 мамырдағы № 88 қаулысы. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 4 маусымда № 6536-13 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Өсімдіктер дүниесі туралы" Заңының 11-бабы 6) тармағына сәйкес, Түркістан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Түркістан облысы аумағында жабайы өсетін өсімдіктерді пайдалану құқығына, олардың табиғи популяциясын қалпына келтіру үшін, жалаңаш қызыл мияға 5 (бес) жыл және сасық кеурекке 8 (сегіз) жыл мерзімдерге шектеу (тоқтата тұру) белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Түркістан облысының әкімі*

*Д. Сатыбалды*